

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы

Хаттама № 3

25. 07.2024ж. Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажибекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры лауазымына үміткер Б.П.Нарбекова

Күн тәртібі:

1. ШҚ Білім басқармасына қарасты «Жол-көлік колледжі» МКҚК –ның бос тұрған колледж директоры лауазымына үміткер Нарбекова Балмаржан Полатовнаның 2025-2030 жылдарға арналған Даму жоспарымен танысу
2. Әр түрлі мәселелер

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің отырысын ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары» туралы №57 бұйрығына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес Жол-көлік колледжі директорының бос орны лауазымына үміткер Нарбекова Балмаржан Полатовнаның 2025-2030 жылдарға арналған Даму жоспарымен танысу мақсатында Б.П.Нарбековаға сөз кезегін берді.

1.1. **Тыңдалды:** Білім беру ұйымы басшысына үміткер Б.П.Нарбекова өзінің перспективалық Даму жоспарымен таныстырып өтті. Даму бағдарламасы 2025-2030 жылдарға арналған ТЖКББ ұйымдарына қатысты барлық ауқымды мәселелер бойынша жобаларын таныстыра келе, басқару жүйесіндегі күтілетін нәтижесі мен мақсатты критерийлерін атап өтті. Білім беру жүйесінің даму әлеуетін анықтау үшін күшті және әлсіз жақтары, оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдеріне тоқталып, жан-жақты баяндап өтті.

1.2.**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңес мүшесі Байзақова Сабира Мұратқызы білім беру ұйымына басшы ретінде қабылданған жағдайда білім ордасында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылау мақсатында отбасылық қиын жағдайларға ұшыраған немесе буллинг көрген жастарға қоғамдық ұйым өкілдері атынан психологтермен жұмыс жасайтын арнайы кабинет ашылуы, колдау көрсетілсе деген өз ұсынысын білдірді.

1.3. **Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңес мүшесі Баймуратов Мусиралы Нуранбаевич білім алушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруде әлеуметтік әріптестермен тығыз байланыс орнату, оқу-тәрбие процесінің дамуына ықпал ету қажеттігін айта келе, Б.П.Нарбекованың дайындаған Даму жоспарының өзектілігіне тоқталып өтті.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар толық орындалғанын, барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен өткенін айта келе, кеңес жұмысы әрі қарай үздіксіз жүргізілетінін айтты.

Шешім:


1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымы басшысына үміткер Нарбекова Балмаржан Полатовнаның 2025-2030 жылдарға арналған Даму жоспары ескерілсін және ШҚББ «Жол-көлік колледжі» МКҚК –ның бос тұрған директорлық лауазымына Б.П.Нарбекова ШҚ Білім басқармасына ұсынылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. *Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.*

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:


1. Баймуратов Мусиралы Нуранбаевич
2. Байзакова Сабира Мұратқызы
3. Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы
4. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы
5. Қалдыбаева Динара Жүсіпқызы
6. Аширова Камшат Шекербековна
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна
8. Дабылова Марал Алдабергенқызы



Мәжіліс төрағасы

 Х.А.Сарсенов

Хатшы:

 Г.С.Тажобекова

